



EGEMEN QAZAQSTAN

## Мемлекеттік хатшы

Қазақстанда Мемлекеттік хатшы институты 1996 жылдың наурызында енгізілді. Бұл қызметті бірінші болып атқарған адам – А.Есімов. Әбіш Кекілбайұлы осы лауазымға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылдың 30 қазанындағы Жарлығымен тағайындалып, оны 2002 жылдың 29 қаңтарына дейін атқарды. Осы жұмыста Мемлекеттік хатшының қызметін хатшылығы қамтамасыз етіп отырды. Оның меңгерушісі – Амангелді Қайырбаев, кеңесшілері Бақытжан Ордабаев, Жапсарбай Қуанышев, Мұхтар Тілеуберді, ал көмекшілері Асқар Молдағаринов, Тілекқабыл Боранғалиев болды. Қабылдау бөлмесінде Ләззат, Гүлнәр, Айгүл сияқты қарындастарымыз да қызмет етті.



Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы жауапты кездердің бірі, оның мемлекет құрылысындағы өзіндік өтпелі кезең, кемелденген және тұрақты даму мақсатында бірегей және айқын қадам жасаудың уақыты еді. Ол «Қазақстан-2030» стратегиясын іске асырудың басталуы мен елдің ордасын Ақмолаға ауыстырудың күрделі кезеңі болатын. Міне, осы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлы да тұрды.

Осы кездері атқарылған жұмыстар қоғамда әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қоғамдық-саяси үдерістерді реттеуге, болып жатқан өзгерістерді халыққа түсіндіру мен ғылымды, білімді, мәдениетті, денсаулық, баспасөз, жастар саясаты, туризм мен спорт және ұлттық әдет-ғұрыптар мен Қазақстан халықтарының дәстүрлері, этносаралық

катынастарды нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оны іске асырудың негізін қалады.

Мемлекеттік хатшы Тарих жылында қазақ халқының қазіргі замандағы салт-дәстүрін, ділін, әдет-ғұрпын жете тануда жаз айлары өткізілген жалпы қазақ даласын этномәдени тұрғыдан зерттеу шарасы – ғылымға қосылған баға жетпес үлес болатындығына үлкен сенім артты. Арнайы жасақталған экспедициялар кең-байтақ республикамыздың 74 ауданында жұмыс істеді. Бұл Елбасы айтқандай, қазақ деген халық ғұмыр кешкен кезеңдегі ең ірі, ең іргелі этномәдени зерттеу болды. Оған ХХІ ғасырдың табалдырығында, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолымыз жетті. Ендеше, бұл да тәуелсіздіктің нышаны еді. Бұл үдеріс әрі қарай да жалғасын тапты, көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынды, тарихи зерттеулердің дереккөздік негізі молайды, өткен тарихымыз бен тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштер бой көтерді.

Тарихи сананы қалыптастыру мәселесімен бір мезгілде уақыт талабына сәйкес конституциялық өзгерістердің өзектілігі мен қажеттілігінің туындайтындығын, елдегі саяси қатынастарды либералдандыру мәселесінің пісіп-жетілетіндігін де Әбіш Кекілбайұлы жақсы сезінді. Оны болашаққа бағытталған тағы бір қадам деп қабылдады.

1998 жылдың 11 маусымында «Абылай хан» спектаклінің премьерасы болды. Оны Әбекеңнің тарихи драмасының желісімен режиссер Б.Атабаев қойды. Ендеше, бұл қойылымға Әбіш Кекілбайұлының жазушы, драматург ретінде де, Мемлекеттік хатшы ретінде де тікелей қатысы бар. Мен бұл драманың қалай жазылғандығының куәсі болған едім. Оның алғашқы нұсқасы Алматыда 1997 жылы бас-аяғы 15-20 күн ішінде жазылып бітті. Әрі қарай Еркеғали Рахмадиевпен бірге оның либреттосы пысықталды. Бұл – жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын, азаматтық екпіні мол, қаһармандық драмалық дастан, елдік пен ерліктің асқақ жыры болды. Олай болса, Әбіш Кекілбайұлы тәуелсіз Қазақстанның осындай жауапты тарихи кезеңінде идеялық-тақырыптық тегеурінге, таным мен тағылымға толы еңбегі арқылы жеке басы «білімді мыңды жығады» дегенді дәлелдеп берді. Бұл тарихи драмада бір артық сөз жоқ, әрбір сөз орнымен қолданылған. Әрбір сөйлем салмақты, ұранды. Оның әрқайсысы тарихи санаға, ұлттық болмыс пен отансүйгіштікке, тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтауға, мемлекеттілігімізді нығайтып дамытуға және бәсекелестікке қабілетті болуға шақырады.

Айта кету керек, Әбекеңнің өмірдегі басты қаруы сөз болды. Ол оның күдіретін жақсы білді. Сондықтан да бұл кісінің аузынан шыққан әрбір сөз күдіретті еді. Ол таласса да, тірессе де өз айтары мен ұстанымын сөзбен дәлелдеп, сөзбен өткізіп, сөзбен жеткізіп отырды. Әбіш Кекілбайұлына бос сөз, қысыр әңгіме және жалаң уәде дегендер тән емес, оның болмысына тіптен келмейтін, мүлдем жат дүниелер болды. Оның ойлау қабілеті терең және ауқымды, адамды таңғалдыратын, қаламы да жүйрік, логикасы да мықты-тын. Уақытты текке жібермейтін, қағазды да үнемдегіш қасиеттерін жақын араласатын адамдар жақсы біледі. Бір парақ ақ қағазды төртке бөліп,

кішкентай парақшаларды пайдалануы өткен кездердің тапшылығынан ғана емес сияқты. Ол кейде – өз ойын шашыратпай, жинақтау үшін істелген бір психологиялық амал секілді болып көрінеді. Тіптен, кез келген жиналыс, кеңестердің барысындағы немесе солардың арасындағы 5-10 минуттық үзілістерді бекер жібермей, бастағанын жалғастырып, жаңа ойларын түртіп алып отыратын. Қабылдау бөлмесіндегі қыздар Әбекеңнің жазған дүниелерін басып үлгере алмай әуре-сарсаңға түсіп жататын-ды. Ал егер жазуға ыңғайы келмей жатса, мәселен, далада жүрсе, жыл мезгілінің қай кезі болмасын, күбірлеп, кейбір сөздерді дауыстап айтып жіберетін кездеріне де куә болдық. Сөйтсек бұл абыз ағаның ой түйіп, образ сомдап немесе өзін толғантып, қоғамды елендетіп жүрген әлдебір мәселелерді іштей пысықтап, туындаған сұрақтарға жауап іздеген сәттері екен ғой.

Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлы Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылының мәнін «Келешекке деген сенім тек ұрпаққа деген сенім» ұстанымы тұрғысында қарастырды. Ол ұрпақ туралы әңгімені стратегиялық тақырып, ал тәуелсіздікті нығайту бүгінгі көзі тірі ұрпақтың парызы ретінде қабылдады. Ендеше, бостандықтың қадірін біліп, өз тағдырының жауапкершілігін өз мойнына алу қазіргі ұрпақтың басты міндеті болмақ. Осы жерде Әбекеңнің мына сөздерін қазақ қоғамының барлық өкілдеріне жариялаған үндеуі десек те болар еді: «Егер сол буындар өз әулеті мен өз шаңырағының келесі ғасыр мен мыңжылдықта да өсіп-өркендегенін көкसे, алдымен өз ауызбірлігін нығайтсын. Қазір қинап тұрған уақытша қиындықтардан аман-есен шығуға қам жасасын. Басты игілік – отбасындағы бірлік, соған негізделген азаматтық келісім мен халықтар достығы. Міне, ең басты қоғамдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар осы. Ол бар жерде басқа игіліктерге де ұмтылыстың жолы ашылады».

Қоғамдық дамуымыздың тағы бір ерекшеліктерінің қатарына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы күрделі үрдістердегі интеллигенцияның ролін жатқызуға болады. Зиялы қауымның адамгершілік және саяси таңдауы мәселесін Елбасы Н.Ә.Назарбаев көтерді. Қазақ зиялыларының тарихи және әлеуметтік жауапкершілігі, олардың жаңа мемлекеттіліктің қалыптасуына сіңірген үлесін ескере отырып, Қазақстанның саяси тәуелсіздігі, оның демократиялық негізде дамуы және тек этносаралық емес, ұлтшілік алауыздықты болдырмау міндеттерін шешуде интеллигенцияға арқа сүйеу керектігін Әбіш Кекілбайұлы жақсы түсінді. Және осы бағытта қыруар жұмыс атқарды.

Заманымыздың ұлы жазушысы М.Әуезовтің 100 жылдығы аясында Мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбайұлы Қырғызстан мен Ресейде болды. Осы тұста көрші Қырғыз еліне іссапары кезіндегі Әбекеңнің адами қасиеттерін сипаттайтын және маған тікелей қатысы бар мына бір естелікпен бөлісудің реті келіп отыр. Бізді шекарада Қырғыз Республикасының Премьер-министрі бастаған бір топ ресми адам қарсы алып, «Ала-Арча» резиденциясына әкеліп орналастырды. Түскі тамақ кезі болған соң қырғыз жағы сол жерде оның рәсімін жасады. Мен Әбекеңді нөмірінен ертіп әкеліп, тамақ ішетін жерге кіргізіп, өз орнына отырғыздым да шығып кеттім. Артынша, бір кісі, қырғыз

жағының ұйымдастырушыларының бірі болуы керек, жаныма келіп: «Сізді шақырып жатыр», деді. Мемлекеттік хатшы бір тапсырмалар береді екен деп, өзімше дайындалып ішке кірдім де, кіреберісте, ары баруға батпай іркіліп тұра қалдым. Әбекең маған қарап, үстелдегі бос орындардың бірін қолымен көрсетіп: «Кел, отыр», деді. Неге отыр деп жатқанын онша түсіне қоймасам да: «Отырып жазып алуды талап ететін тапсырмалар беретін шығар» деп, өзімше шамалап, ақырын барып шеткі бір орынға жайғастым. Сол кезде Әбекеңнің: «Бұл Жапсарбай Қуанышев деген менің данышпаным», дегені бар емес пе! Мен не дерімді, не істерімді білмей абдырап қалдым. Басқалар да сондай күйде болған болу керек, әсіресе қазақстандық делегация мүшелері. Соны сезген Әбіш Кекілбайұлы: «Қырғыздарда «данышпан» деген сөз «кеңесші» дегенді білдіреді, ендеше, бұл жігіт менің кеңесшім болады», деп өз сөзін үстел басында отырған Қырғызстанның Үкімет басшысы, екі елдің вице-премьерлері мен делегация мүшелеріне түсіндіріп берді. Ал шын мәніндегі данышпан, қырғыз тіліндегі емес, қазақ түсінігіндегі қазақтың нағыз данышпаны Әбекеңнің өзі еді ғой. Осы іссапар барысындағы ол кісінің «Сен екеуміз әкім де, министр де болмаймыз. Докторлығыңды көп созбай қорғап ал», деген тағы бір сөзі, сөзі емес, ағалық ақылы әлі есімнен кетпейді. Былай қарағанда, жоғары деңгейлі лауазым иесі бола тұра, ол кісінің осындай «кішік» бола білетіндігі емес, болғандығы, Әбекеңнің адамгершілігін, адалдығын, кіршіксіз тазалығын көрсетсе керек.

Рухани кемелденудің бірден-бір кепілі – мәдениетті орнықтыру. Мәдениет пен өркениеттің әу бастан тіршілік пен дамуды одан әрі өрге бастыратындығы 2000 жылғы Мәдениетті қолдау жылында нақты көрініс тауып, көп жұмыстар атқарылды. Әбіш Кекілбайұлы өзінің Президентке жолдаған жазбахатында Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары мәдениет саласында қол жеткен табыстары туралы қысқа да мазмұнды мәліметтер берді. Ерекше еске алар жайт, сол бір қиын деген жылдардың өзінде республикалық дәрежедегі мәдениет орындары мен ошақтарының бір де бірі жабылған жоқ. Керісінше, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға тұрақты түрде қажетті жағдайлар жасалып отырды.

Мемлекеттік хатшының пікірінше, мұның бәрі, түптеп келгенде, еліміздің ішкі-сыртқы саясат астарларын әлеуметке түсіндіруге бағытталған игі шаралар еді. Мінеки, осындай жағдайда біз өзіміз өркениетке лайық ұлтпыз ба, осы күнгі демократиялық талаптарға сай мемлекетпіз бе, қазіргі заманғы бәсекенің бәріне төтеп бере алатындай азаматтармыз ба дейтін сұрақтарға жауап бере алатындай қазақтың ұлттық жаңа санасы қалыптастырылды. Сөйтіп «Мәдени мұра» бағдарламасының иығына ауыр жүк артылды.

Әбіш Кекілбайұлы рухани бедерсіздік саяси тәуелсіздікті де тәрк етеді, тойған тоғышарлыққа халықтың, адамның азаматтығы емес, оған нәпсісінің азаттығы ғана керек деп білді. Ол сонымен бірге тәуелсіздік шекарасын өрелі азаматтық сана мен биік рухани мәдениет қана айна-қатесіз анықтай алатынын да түсінді. Сондықтан рухани-ақылақтық келбетіміз бен ұлттық үрдістерімізді қорғауда айрықша табандылық таныту керектігін де ескертті.

Тәуелсіздіктің бас кезінде алғашқы дүрмекпен бірқатар құндылықтарымызды жоғалтып алғанымызға қынжылды. Сондықтан Әбекең қай кезеңде де рухани, мәдени үрдістерді назардан тыс қалдырмау, соның ішінде ұлт ретінде өзіндік бет-бейнемізден айырылып қалмау маңызды екендігіне ерекше көңіл аударды.

Осы кезеңдерде Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлының жұмыс кестесінің өте тығыз болғандығы анық. Оған біз Президент архивінде сақталған құжаттарды зерттегенде көз жеткіздік. Енді солардың кейбіреулерін атап өтсек: 2000 жылдың бірінші жартысында ол республикалық комиссиялардың отырыстарын өткізді, Қазақстан тарихына қатысты сирек кездесетін материалдармен, Шығыс тарихына байланысты әдебиетпен жұмыс істеп, жаңа шыққан кітаптармен танысты және тұрақты түрде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарын сараптаумен айналысты. Бірлік пен ұрпақтар сабақтастығы жылының қорытынды материалдарының мәтінімен және Мәдениетті қолдау жылының құжаттарымен жұмыс істеді. «Қазақстан-1» Ұлттық телеарнасына сұхбат берді. Жиырмаға жуық мемлекет және қоғам, мәдениет пен өнер қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен білім саласының өкілдерімен кездесті. Қатар, Словения елшілерінен Сенім грамотасын қабылдады. Сол сияқты болашақ Ұлттық музейдің экспозициясын талқылау, Қауіпсіздік Кеңесінің отырысына қатысу, Астана мешітінің имамын қабылдау, Елбасының шығармашылық интеллигенциямен кездесуін дайындау, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын өткізу мәселелерімен айналысты. Облыстық газет және телерадио комитеттерінің басшыларымен кездесті, Құрбан айтқа қатысты, «Абылай хан» фильмін түсіруге арналған кеңес ұйымдастырды. Сондай-ақ Түркістанның тарихына қатысты әдеби дереккөздермен жұмыс істеп, мәдениет туралы мақалаға материалдар іріктеді, Ұлттық музейде тігілетін қазақ үйді қарады. Президент жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірушілерге дипломдар тапсырды. Солтүстік және Батыс Қазақстан облыстарына іссапармен барып келіп, Парламент қос палатасының бірлескен отырысына қатысты, ҚХА-ның ұлттық-мәдени орталықтары жетекшілерімен кездесті және сараптамалық зерттеу материалдарымен танысу сияқты тағы да басқа көптеген іс-шараларды өткізгендігін атап өткен жөн.

Әбекең «Тіл көгермей, ел көгермейді, тіл мерейі – ел мерейі» дегенді жиі айтатын. Өйткені тілдерін дамытып, кемеліне келтірген халықтар ғана өсіп-өніп, өркен жайған екен. Сондықтан Әбіш Кекілбайұлы: «Тілдік жарасым жоқ жерде әлеуметтік жарасым болмайды. Ал әлеуметтік жарасым тек әділетке ғана сүйене алады. Әділіне жүгінсек, адамзаттың адамзат болып қалуына барлық халықтың бәрі қажет. Олардың тарихи жасақталған тілдері мен мәдениеттерінің бәрі қажет. Бір тілдің жоғалуы тек белгілі бір ұлтқа ғана емес, күллі адамзатқа жасалған қиянат болып табылады. Ал мәдениет пен тіл сияқты аса нәзік құбылыс тек белгілі бір ортада ғана өркен жайып, көсегесін көгерте алады. Әр тіл мен мәдениеттің ғасырлар бойы қалыптасқан сондай етене ортасы бар», дегенді үнемі еске салып отырды. Себебі ол ұлттық руханиятымыздың өзегі және ұлтты ұлы мұраттарға жетелейтін баға жетпес

құндылық. Сондықтан да Әбекең бұл мәселеде алалық пен шалалыққа, жайбасарлыққа жол беруге болмайтындығына көңіл аударып, желдің ыңғайына жығыла беру көсегемізді көгертпейтіндігін айтады.

Абыз аға ел тарихын тіл тарихынан, жер тарихынан бөле-жара қараған емес. Сондықтан ол ономастика мен терминология салаларында да нәтижелі іс жүргізіп, күш-жігерді аямауға шақырды. Қазақ терминологиясын жүйелі жолға салу үшін тиісті тұжырымдама әзірлеп, көп сөзбұйдаға салмай, жедел талқылап бекітуді, әркімнің өз бетінше термин жасауына, ресми бекітілмеген даулы тәржімелерді орынсыз қолдануына шек қоюды ұсынды.

Саяси құштарлықтар жетегінде кете беру шын зиялылыққа жат. Әсіресе рухани экологиямыздың негізі деп жүрген орнықтылық ахуалды теңселтіп алмауға мұқият болғанымыз жөн. Әбекең ол үшін барлық мәселеге де елдік тұрғысынан қараудың дұрыстығына көңіл аударады. Қайраткер ағаның елдік мәселесі туралы түсінігі міне, осылай тым терең, біздің қоғамымыз үшін, оның болашағы үшін өте маңызды. Ол – жарастықтың үлгісі, баршамызға ортақ, бәрімізге бірдей қымбат жетістігіміз. Халқымыз елдік деп ел ішіндегі жарастықты ұққан. Олай болса, біздің асыл мұратымыз сол елдікті сақтай білу болмақ. Елдіксіз ешкімнің көсегесі көгермейді дейді Әбекең.

Әбіш Кекілбайұлы үшін бәрінен қымбат, ең бастысы және тәу етер жалғыз киесі тәуелсіздік болды. Сондықтан да ол: «Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның алдында ғана емес, өз тағдыры алдындағы жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарастықты дүниеде өмір сүре алады. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеде ондай шынайы жарастық орната алады. Өйткені халық бостандыққа жетпей тұрып, қоғам бостандыққа жете алмайды. Қоғам бостандыққа жете алмай тұрып, адам бостандыққа жете алмайды. Тәуелсіздік қазіргі адамзаттың ең басты мұрасы, ең асыл игілігі. Сондықтан уақытша қиындықтарға бола мәңгілік мұраттарды тәрк етуге болмайды» деген Әбіш Кекілбайұлының бұл сөздері көп жайтты аңғартса керек. Сонымен бірге Әбекең ішкі ынтымақты нығайтуды тәуелсіздікті нығайтудың ең басты кепілі деп білді.

Ортақ қиындыққа бірге төтеп беруге шақырудың орнына, орынсыз қиқуды көбейту жолдан да қалдырады, әлеуметтік пиғылды да бұзады. Әлеуметтік даукестік, жаппай жанжал құмарлық бірде-бір мәселені шешпеген, шиеленістірген, деген кемел ақыл-ой иесінің өмірден түйген пайымы бүгінгі күннің ақиқаты. Ол осы жағымсыз жайттарды тек ізгілік арқылы жөнге түсіре аламыз дей келе: «Ізгілік дегеніміз – өзің мен үрім-бұтағыңа игілік болып даритын адал еңбек... Күнбе-күн көзіміз көріп жете түскен ақиқат мынау: жаппай іске жұмылсақ қана, жағдайды тез жақсартып аламыз, әділет бар жерде ынтымақ бар», дейді.

Ол сондықтан Мемлекеттік хатшы ретінде де, азамат ретінде де бүгінгі күннің басты идеологиялық мақсаты қолымызға тиген тәуелсіздігімізді сырттың ала көзінен, іштің алауыздығынан аман сақтап қалу деп білді.

Әбекең армандап қана қол қусырып отырған жоқ, сондай деңгейге жеткізетін, билік болып, қоғам болып ұстанатын бәріне ортақ жаңашыл қағидаларды ұсынды. Ол азамат пен билік арасындағы күнделікті қарым-қатынасқа адами сипат беруге, мемлекеттілікті нығайтудағы жауапкершілікті тең бөлісудің қажеттілігіне деген сұраныс бар екендігін түсіне білді. Әбекеңше «өзіміз түзелмей тұрып, өзгелер түзелмейді». Оның ғалами, адами және мәдени даму философиясы – гуманизмі – қазіргі заманауи азаматтық қоғамды қалыптастыру үдерісі және үрдісімен үндесіп жатқанын көрмеуге болмайды. Бұл өмірлік ұстанымның мәні жалқының түзелуі жалпының түзелуін тездетеді деген қағидада. Өйткені мұны абыз ағамыз Әбіштің қоғамдық қатынастарда жалпы түзелмей тұрып, онда әділет те орнамайды, қоғам түзелмей билік те түзелмейді деген өсиеті деп түсінген жөн. Яғни, Әбіш Кекілбайұлының бұл көзқарасындағы басты ерекшелік оның «ең алдымен ел абыройын ойламай, ешкім де жағдайын түзей алмайды» дегендігінде жатыр.

Осы тақырыпты дамыта келе, Әбіш Кекілбайұлы саяси ұстамдылық мәселесін де көтерді. Тәуелсіздіктен айырылып қалмас үшін барлық мәселеге асқан салауаттылықпен, пайымды парасатпен қарау керектігіне назар аударды. Өйткені «саяси ұстамдылық – мемлекет өміршеңдігі». Осының барлығы асыл ағаның азамат ретінде, қайраткер ретінде өзіне жүктелген ұлы міндеттерді толыққанды атқарып, өтпелі кезеңде Қазақстанда мемлекеттілікті қалыптастырып, оны нығайтуға сүбелі үлес қосқандығының нақты айғағы.

Әбіш Кекілбайұлы биліктің бүкіл табиғатын, философиясын, психологиясын, әлеуметтік сипатын, тағдыр-тауқыметін, өткен жолдарын, құлап-күйреген тұстарын, оның себеп-салдарларын, мінез-құлқын, бағы мен сорын әлемдік деңгейде өмір бойы зерттеген. Бұл туралы белді де беделді әбіштанушылар айтып та жүр, жазып та келеді. Әбекең билік құмарлықтың қатер екендігін ескертті. Билікті аздыратын көлгірлік, оспадарлық, интригандық екендігін де атап көрсетті. Ол сонымен бірге әділеттілік категориясының қоғамдағы рөлін барынша ашып көрсетуге күш салды. Оны мәселенің мәселесі деп пайымдап, тәуелсіздіктің ең үлкен жаулары – жікшілдік те, алауыздық та тек әділетсіздіктен өрбитіндігіне қоғамның назарын аударды.

Демек, Әбіш Кекілбайұлы қоғамдық санада биліктің табиғаты, билік пен халықтың байланысы, демократия және тәуелсіздік туралы дұрыс түсінік қалыптастыруда қыруар еңбек сіңірді, қазақтың саяси ой ағымын қалыптастырып, көптеген істердің басы-қасында бола білді. Ендеше, оны тәуелсіздік таңының атуын тездеткен данагөй саясаткер деуге толық негіз бар.

### **Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ә.Кекілбайұлының 1996-2002 жылдардағы кеңесшісі, саяси ғылымдар докторы